

А. Альчимбаева^{1*} , Ж.Ташкеева²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық - педагогтік колледжі №1, Қазақстан, Алматы қ.

e-mail: Aigul.bakitzhan@mail.ru

БОЛАШАҚ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МЕДИАМӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Мақалада автор «медиамәдениет», «медиа білім беру», «медиа сауаттылық» ұғымдарына, медиа мәдениеттің құрамдас құрылымдық компоненттеріне теориялық талдау жасайды. Қоғамда медианың әртүрлі орталарға әсер ететін бұқаралық коммуникацияның күрделі жүйесі қарастырылады. Медиа мәдениет – қазіргі қоғамның негізгі буыны болып табылатын ақпараттық қоғам мәдениетінің ерекше түрі. Автор ақпарат көздері жеке тұлғаны ақпараттандыру мен дамытуда маңызды рөл атқаратындықтан, болашақ мұғалімдердің медиа мәдениетін қалыптастырудың, мұғалімдердің ақпарат көздеріне сыни талдау жасауының маңыздылығын атап көрсетеді. Медиа мәдениетті қалыптастыру технологиялары талданып, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытудағы және қоғамдық сананы қалыптастырудағы БАҚ рөлін ерекше назарға алады. Мақаланың мазмұны озық мемлекеттер тәжірибесінен алынған мысалдармен толығып, жалпы медиа мәдениеттің даму деңгейін сипаттайды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 21 студенті арасында медиа мәдениет бағыты бойынша сауалнама жүргізілді. Алғашқы кезеңде студенттердің білім деңгейі 52% төмен екені анықталды, содан кейін студенттердің медиа мәдениетін қалыптастыру бағдарламасы құрастырылды. Жүргізілген тәжірибелік жұмыстан кейін медиа мәдениет деңгейі қайта қарастырылып, 62% жоғары, 20% орташа, 18% төмен деңгейде екенін көрсетті.

Алынған нәтижелер болашақ мұғалімдердің медиа сауаттылығы мен медиа мәдениетін меңгеруге, заманауи операциялық құрылғыларды, интернет-ресурстарды сауатты пайдалана білуге ықпал етеді, оқу процесінде автоматтандырылған бағдарламаларды қолдану мүмкіндіктерін жүзеге асыруға көмектеседі және т.б.

Түйін сөздер: медиа мәдениет, медиа сауаттылық, медиа білім, мультимедиа, ақпараттық сауаттылық, медиатехнология.

A. Alshymbayeva¹, Zh. Tashkeyeva²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Almaty Kazakh state humanitarian pedagogical college №1, Kazakhstan, Almaty

e-mail: Aigul.bakitzhan@mail.ru

Technologies for forming media culture of school teachers

In the article, the author conducts a theoretical analysis of the concepts of “media culture”, “media education”, “media literacy”, the constituent structural components of media culture. A complex system of mass communication that affects the media environment of society is considered. Media culture is a special type of information society culture, which is a key link in modern society. The author emphasizes the importance of forming the media culture of future teachers, conducting a critical analysis of information sources by teachers, since they play an important role in informing and developing the individual. The technologies of formation of media culture are analyzed, special attention is paid to the role of media in the development of the creative abilities of the individual and the formation of public consciousness. The content of the article provides examples from the practice of advanced states and describes the level of development of media culture as a whole. A survey of 21 students of the Kazakh National University named after al-Farabi on media culture was conducted. It was found that 52% had a low level, after which a program for the development of media culture among students was drawn up. After the training, the level of media culture was re-measured, 62% showed a high level, 20% showed an average level, and 18% showed a low level. Possession of media literacy and media culture by students contributes to the ability to competently use modern operational devices, Internet resources, helps to realize the possibilities of using automated programs in the educational process, etc.

Key words: media culture, media literacy, media education, multimedia, information literacy, media technology

А. Альчимбаева¹, Ж.Ташкеева²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Алматинский Казахский государственный гуманитарно-педагогический колледж №1, Казахстан, г. Алматы
e-mail: Aigul.bakitzhan@mail.ru

Технологии формирования медиакультуры будущих учителей школы

В статье автор проводит теоретический анализ понятий «медиакультура», «медиаобразование», «медиаграмотность», составляющих структурных компонентов медиакультуры. Рассмотрена сложная система массовой коммуникации, влияющая на медиасреду социума. Медиакультура – это особый тип культуры информационного общества, который является ключевым звеном современного общества. Автор подчеркивает важность формирования медиакультуры будущих педагогов, проведения педагогами критического анализа источников информации, поскольку они играют важную роль в информировании и развитии личности. Проанализированы технологии формирования медиакультуры, особое внимание уделяется роли медиа в развитии творческих способностей личности и формирования общественного сознания. В содержании статьи приводятся примеры из практики развитых государств и описывается уровень развития медиакультуры в целом. Проведен опрос 21 студента Казахского национального университета им. аль-Фараби по медиакультуре. Установлено, что 52% из них имели низкий уровень медиакультуры, после чего была составлена программа развития медиакультуры у студентов. После проведенного обучения повторно был замерен уровень медиакультуры, высокий уровень показали 62%, средний – 20%, низкий – 18%. Владение медиаграмотностью и медиакультурой студентами способствует умению грамотно использовать современными оперативными устройствами, интернет-ресурсами, помогает реализовать возможности применения автоматизированных программ в образовательном процессе, и др.

Ключевые слова: медиакультура, медиаграмотность, медиаобразование, мультимедиа, информационная грамотность, медиатехнология.

Кіріспе

Елімізде білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – бұл ақпараттық технологияларды қолдану негізінде біртұтас білім ақпараттық орта құру арқылы білім сапасын арттыру. Жоғары оқу орнының күрделі де маңызды бір мәселесі болашақ мамандарды мамандығына оңтайландыру, кәсіптік біліктілігін дамыту, заманауи оқыту технологияларын меңгерту, оқыту-тәрбие процесін ізгілендіруде медиамәдениеттің рөлін анықтау және жүзеге асыру жолдарын қарастыру.

Медиамәдениет ақпараттық қоғамның маңызды сипаттамаларының бірі болып табылады және ол саясат, экономика, білім беру және т. б. сияқты өмір салаларына белсенді әсер етеді. Бұл үрдіс бұдан әрі дамымаса, кері шегінбейтіні анық. Әсіресе озық мемлекеттерде медианың дамуы қарқындап, үлкен күшке ие болып келеді. Өзектілігі қарыштап келе жатқан уақытта медиамәдениеттің ықпалыда өсуде. Зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайтын «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы адамзатқа медиамәдениеттің, цифрлық жүйеге көшудің, технологияларды пайдаланудың қажеттілігін негіздейді және оларды қолдана білудің талап-ережелерін үйренуді талап

етеді. Бағдарламаның артықшылығы кез келген ұйымдарда, мемлекеттік органдарда, білім беру мекемелерінде іске асырылады (Цифрлық Қазақстан, 2017) [1].

Біз нысан етіп алып отырған болашақ мұғалімдердің медиамәдениетін қалыптастырудағы қазіргі ақпараттық технологиялардың, цифрландыру технологиялардың рөлі артқан заманда оның мүмкіндіктерін шетелдік және отандық ғалымдар да жүйелі түрде қарастырып отыр. Бұл мәселе шетелдің білім беру саласында, мұғалімдерді кәсіптік даярлау үдерісінде біршама ертерек қолға алғанын аңғаруға болады. Қазіргі кезде олардың жүріп өткен жолы бізге де қажет бола бастағаны анық. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдарына мол мүмкіндік берілген заманда, мұғалімдермен қатар білім алушыларда медиакұрылғыларды пайдалану, олармен жұмыс жасау іс-әрекетке үйретілуі тиіс. Сол себепті, медиамәдениет ұғымы кейінгі кезде қолданысқа ие болғанымен, оны жетілдіру мәселелері, қалыптастыру жолдары назардан тыс қалып отыр.

Болашақ мұғалімдердің медиамәдениетін қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды меңгеру және тиімділендіру аясы кеңеюі керек. Атап айтқанда, мұғалімдер: Оқыту мен тәрбиелеудегі медиабағдарламаларды та-

нып білу /тіркелу, авторлық бағдарламаларды құрастыру, бағдарламаларды қолдану барысында тәртіп-ережесін сақтау т.б./; Мультимедиялық технологияларды игеру; «mass culture», «mass media» бұқаралық коммуникация құралдарын мағынасын білдіруде: баспа басылымдары, теледидар, радио хабарламалар, интернетуль т.б. оның маңыздылығын және қоғамы мәдени құндылығын түсіну және оқушыларға жеткізу.

Зерттеудің мақсаты. Болашақ мұғалімдердің кәсіби медиакеңістігінің құрылымдық сипатын теориялық тұрғыда негіздеу және медиамадениетті қалыптастырудың тиімді технологияларын ұсыну.

Зерттеу нысаны: болашақ мектеп мұғалімдерінің медиамадени білім жүйесі.

Зерттеу пәні: болашақ мектеп мұғалімдерінің медиамадениетін арттыру үдерісі

Зерттеудің міндеттері

- «медиамадениет», «медиа сауаттылық» «медиабілім» ұғымдарының теориялық мәнін ашу және болашақ мұғалімдердің медиамадениетін қалыптастырудағы қазіргі технологиялардың рөлін анықтау;

- болашақ мұғалімдердің медиамадениетін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік қор әзірлеу;

- болашақ мұғалімдердің медиамадениетін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру

Зерттеу болжамы. егер, болашақ мұғалімдердің медиамадениетін қалыптастырудың технологиялары көрсетілсе, онда олардың медиамадениеті жоғары деңгейде қалыптасады, өйткені, бұл жағдайда олардың білім беру процесінде ақпараттық-коммуникативтік және медиамадени ресурстары кеңейіп, кәсіби іс-әрекет сапасының артуына негіз болады.

Әдебиетке шолу. Зерттеу тақырыбына қатысты мұғалімдердің ақпараттық мадениет мәні мен мазмұны ерте заманнан бүгінге дейін философтар, психологтар, педагогтардың көзқарастарында орын алып, бүгінгі күні қоғам талабына сай жүйеленіп келеді. Шетел ғалымдарының қатарында Гудман Вэнс Паккард (Медиабілім қажеттілігі), Маршалл Маклюэн (Медианы түсіну, Гутенберг галактикасы), Эрнест Л. Бойердің (медиа сауаттылық тұжырымдамасы) еңбектері медиабілім, медиамадениет, медиатеология мәселелеріне арналады (Сейітқазы, Абдиркенова, 2018) [2].

Жалпы ақпараттық технологияны пайдалану арқылы болашақ мамандардың танымдық белсенділігін арттыру мәселелері отандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. М. Жеңіс (2014) [3], Ж.А. Қараев (2004) [4] оқу үдерісін жетілдіруде құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникативтік технологияларға даярлығын, ал ақпараттық мадениетті қалыптастыруды Т.О. Балықбаев (2003) [5], Д.М. Жүсіпалиева (1997) [6], Г.С. Таженова (2004) [7] еңбектерінен кездестіруге болады.

Тақырыптың негізгі сұрақтарын қарастыруға бағытталған еңбектер қатарында А.В Федоров «Словарь терминов по медиаобразованию, медиапедагогике, медиаграмотности, медиакомпетентности» ғылыми еңбегі [8], Е.Ж Масановтың «Медиамадениеттегі адам мәселесі» философия докторы (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы (2012) [9], Г.М Маклюэн «Понимание медиа. Внешние расширения человека» (2003) [10].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық, философиялық әдебиеттерге шолу жасалды. Жалпы мұғалімдердің медиамадениетіне қатысты еңбектерге сүйене келе, медиамадениет ұғымының теориялық негізі ашылды және тиімді әдіс-тәсілдері таңдалды. Сонымен қатар педагогикалық материалдарды саралау, жүйелеу және өңдеу жұмыстары жүргізілді. Мұғалімдердің медиамадениетін қалыптастыру мәселесі бойынша тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, ұсыныстар берілді.

Бүгінгі күні болашақ мектеп мұғалімдердің медиабілімі, медиамадениеті, медиа сауаттылығы, медиапедагогика мәселелері қарқынды түрде даму үстінде және күннен күнге оларды қолдану аясына қойылатын талаптар күшейіп келеді.

«Медиабілім беру» түсінігінің көптеген тұжырымдамаларда бұқаралық ақпарат құралдарымен мадени қарым-қатынасы бар жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған медиабілім беру қызметі субъектілерінің жүйелі іс-әрекетінің жиынтығы деп көрсетілген. Медиабілім беру міндеттері адамды медиа мәтінді сауатты оқи білуге, ақпаратты қабылдай білу дағдысын дамытуға, қойылған талап-ережелерді ұстануға, шығармашылық іс-әрекеттің эстетикалық талғамы мен мүмкіндіктерін дарытуға

бағытталады. Медиабілім беру қызметінің субъектілері – бұл педагогтар мен медиа орталықтар саналады.

Бүгінгі күні Қазақстан мұғалімдері өздерінің кәсіби біліктілігі аясына кіріктірілген медиамәдениет білімі айрықша орын алады. Себебі, кез келген мұғалім цифрлық жүйеге ену үшін оны қолдану мәдениетін, тәртіп-ережесін, қарым-қатынас диалектикасын меңгеруі тиіс.

Медиамәдениет – бұл тұлғаның даму, оның медиа саласында жаңа білімді меңгеру қабілеті, медиамәтінді қабылдау, бағалау, сараптау, медиа шығармашылықпен айналысу деңгейінің көрсеткіші. Алайда медиамәдениетке жетелеудің бастауында медиабілімді меңгеріп, мәдени аспектілерін қарастырамыз. Өркениетті қоғамда медиабілім беру мақсаты тұлғаны ізгілік, рухани сипатта тәрбиелеу болып табылады. Бүгінгі таңда мұғалім тұлғасы бойына медиамәдениет қалыптастыру, технологияларын меңгерту мәселелері басты назарда екенін аңғаруға болады.

Медиабілім берудің теориялық негіздері А.В.Федоровтың және оның ғылыми мектебі өкілдерінің еңбектерінде ұсынылған. Олардың ішіндегі маңыздысы: практикалық, сыни, идеологиялық, мәдени, этикалық, эстетикалық, экологиялық, теологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру сияқты мәселелер. Медиабілім берудің барлық теориясы педагогикалық теорияға емес медиа теориясына келіп сүйенетіндігін атап айтқан жөн.

Зерттеуші ғалым И.А. Фатеева медиабілім мәселесі бойынша кеңінен зерттеу жұмысын жүргізіп, бірқатар ғылыми тұжырымдамалар ұсынады. Ғалым «...бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникация мәселелері бүгінгі күні өте кеңінен қолданылады, алайда оны жүйелі түрде қолданудың реттілігі, ережесі сақталмайды. Олардың көп бөлігі медиа мен аудиторияның өзара әрекет ету мәселелеріне арналған» деп пікір білдіреді. Бұл пікір медиа білім беру теориясын жаңа зерттеу кеңістігі болып табылатын – бұқаралық ақпарат коммуникация проблемасын белгілейді. (Фатеева, 2020) [11]

1990 жылы Медиа феноменіне қатысты Тулуз қаласында өткен «*Медиабілім берудегі жаңа үрдістер*» атты ғылыми конференцияда ғалым А.В. Шариков өз баяндамасында бірқатар мәселені анықтауға мүмкіндік берді. Онда зерттеуші жалпы медиабілім берудің және медианың дамуына қатысты тың зерттеу-

лер болу қажеттігін атайды. (Бондаренко, 2002) [12]. Ғалымның негізгі зерттеу аумағы журналистика саласы болғандықтан, БАҚ-та медиа білім берумен айналысатын мамандардың түрлі медиабілім беру технологияларын меңгеруге қатысты әдістемелік нұсқаулар ұсынады. Бұл ретте, журналист адресатпен тікелей аудитория өкілі ретінде жұмыс жасаудың, ақпаратты таратудың, медиаресурсты іріктеудің, модельдеу мен тыңдарманға жеткізудің медиақызметтік құралдарын жіктейді. Сонымен қатар, медиабілім мәселесі журналистер қауымымен қатар мұғалімдерге аса қажетті деп атайды.

Кез келген педагогикалық ұжымда педагог кадрына қойылатын талаптар бар екені бәрімізге мәлім. Жалпы педагогикалық қызметкерлерге бүгінгі күні кәсіби біліммен қатар заманауи білім жүйелерін меңгеруге талпыныс жасауы шарт. Қоғамның озық оқыту технологиялары, түрлі қашықтықтан оқыту платформалары сынды бағдарлар бүгін өрбиде. Мұғалімдерге аса бір қажеттілік болып саналатын «медиамәдениет» ұғымын талдасақ (1-сурет).

Медиамәдениет ұғымының мазмұндық сипатына орай ортақ ақпараттарды, ақпараттық құралдар мен бағдарламаларды қолданудың тәртіп-ережесін, реттілігін сақтау және ақпараттық қоғамның ерекше бір мәдени үлгісі деп атауға негіз бар.

Медиа ұғымы кең көлемдегі кеңістік «medium is the message» сөзінен бастау алып, оны «коммуникация құралы және хабар бар» деп аударуға болады. Сонымен қатар «медиамәдениет» ұғымының екінші қос түбірлі бөлігі «мәдениет» ұғымымен ұштасады.

Мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді. Мәдениетті тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерді қарастырырады: мәдени әрекет, мәдени әлеует, мәдени игіліктер, мәдени қоғам, мәдени тұлға.

Зерттеу тақырыбының негізгі ұғымдарының қатарына «*медиа сауаттылық*» ұғымын талдап, теориялық негізін аша түскен жөн.

Медиа сауаттылық – адамның сыни ойлай білу қабілеті. Сыни ойлай білетін адам біржақты пікірден аулақ болады, кез келген ақпаратты түрлі ракурстан талдай біледі. Бұл – негізі мектеп жасында қалыптасатын машық.



Медиа – (латын тілінде «media», «medium» – құрал, тасымалдаушы) XX ғасырда «бұқаралық мәдениет» құбылысын анықтап көрсету үшін енгізілген («mass culture», «mass media») коммуникация теориясының Торонталық мектебінің негізгі термині. Күш немесе кез келген басқа әсер берілетін субстанцияны білдіреді.

Мәдениет рухани құндылықтарды жүзеге асыру процесі ретінде адамзаттың тұрақты игеруге-шындықты қайта құруға деген мәңгілік ұмтылысын білдіреді және ол адамның маңызды күштерінің көрінісі ретінде оның **Мәдениет** субъектісі ретінде қалыптасуын, өзін-өзі бекітілуін көрсетеді

1-сурет – Медиа-мәдениет ұғымының терминологиялық талдауы

Қоғамда медиасауаттылықтың төмендігі үрейге, сенімсіздікке, денсаулық саласындағы жобалардың сәтсіз болуына, әлеуметтік поляризацияға, жек көрушілікке әкеледі және медиасауатсыз қоғамда үлкен ақпарат ағынын радикалды топтардың теріс ойлары оңай жаулап алу қаупі бар. Бұл мәселе жуырда медиасауаттылық бойынша жарық көрген алғашқы оқу құралында айтылады. Жалпы оқулық туралы жоба жетекшісі Алена Кошкинаның сұхбаты бойынша: «*Оқу құралы Қазақстанның төрт мектебінде, тіпті бір университетте сынақтан өткені жөнінен ақпарат берілді. Сонымен қатар, Алматы мен Қарағандыда медиасауаттылық курсының бағдарламасы қабылданды. Мектеп және колледж мұғалімдеріне арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша тренингтер 2019 жылы басталып, әлі де өтіп жатыр. Енді Қазақстанның барлық*

өңірлеріндегі мұғалімдерді осы бағдарлама бойынша оқытуды жоспарлап отырмыз» – деген пікірі мұғалімдердің медиасауаттылығы мен медиа-мәдениетін жаңаша үлгіде қалыптастыру қажет екенінен хабар береді [13].

Сонымен қатар оқулық авторлары біздің қоғамда, әсіресе мұғалімдердің ортасында өкінішке қарай, медиасауаттылық өте баяу даму үстінде және медиаэтиканың талаптарын түсіне бермейтінін атайды. Әсіресе, оқулық мазмұнында ақпарат алу, ақпаратпен жұмыс істеу, киберқауіпсіздік, әлеуметтік желілердің біздің өмірімізге ықпалы, қауіп, кибербуллинг бойынша жан-жақты ақпарат береді. Жалпы медианың міндеті медиа және ақпараттық сауаттылық принциптерін игеруді алға тартады.

Медиа-мәдениеттің мәдени-философиялық қырын төмендегідей тұжырымдар негізінде қарастыруға болады (1-кесте).

1-кесте – Медиа-мәдениет ұғымына контент талдау

Медиа-мәдениет	Медиа-мәдениет	Медиа-мәдениет
Дыбыс, сөз және визуалды бейнелер арқылы әлемнің мәдени-әлеуметтік түсінігін қалыптастырушы, дәстүрлі және электронды бұқаралық ақпарат құралдарының іс-әрекет ету амалы мен болмысына ие, ақпараттық қоғамның өзектілігімен көрініс тапқан мәдениет түрі.	Шынайылықтың қалыпты бейнесі ретінде айқындалып, өзіне тән белгілі кодтар арқылы бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен өмір сүру тәжірибесін игерудің ерекше амалы.	Белгі құбылысы әрекет ретінде, адамзат қоғамындағы әрекеттің бағыты, оның мазмұны көпқырлылықпен толықтырылған: әлдебіреудің көздеген мақсатынан туындайтын тұлғаны манипуляциялаудан бастап, ғылым, шығармашылық және мәдениет саласының шыңына адамды жетелейтін қатынасқа дейінгі ықпал ету.

Жоғарыда берілген контент-талдаудың негізінде медиамәдениет ұғымына өзіндік анықтама берілді. *Медиамәдениет* – бұл бұқаралық ақпарат көздерімен жұмыс жасаудың тәртіп-ережесі, заманауи медиақұралдарды пайдаланудың мәдени талаптары

Медимәдениетті пайдаланудың өзіндік аумағы болары сөзсіз. Медиааумақ дегеніміз адамзатты тіршілік ету барысында күнделікті қоршаған ортасы. Бұл дегеніміз бұқаралық коммуникациялардың (баспа, радио, теледидар, видео, кино, компьютер арналары, интернет және т.б.) тасымалдауы арқылы, сол ортадағы немесе басқа ортадан келетін адамгершілік-эстетикалық құндылықтарды насихаттау, адамдардың әрекеті мен бағалаушылық ойларына идеологиялық, экономикалық немесе ұйымдастырушылық тұрғыда әсер етуі, қоршаған ортамен байланыстыратын, медиамәдениеттің қызмет ету алаңының түбірлі алғышартының жиынтығы, қоғамдық санаға ықпал етуі болып табылады.

Көпшілік аудиторияда медиамәдениеттің танымалдылығы көптеген факторлармен анықталып, оларды жеткізудегі формаларға байланысты болады. Атап айтсақ, танымдық, ақпараттық, компенсаторлық, рекреативті, сенсациялық, «эмоционалды тебіреністер» жүйесіне, тыңдарманның жүйке жүйесінің толғаныстарына дүмпу беруге көмектесетін көмекші құрал.

Бұл *«технологиялар»* немесе «тасымалдаушылар» адамның қоршаған ортамен (табиғи да, әлеуметтік тұрғыда болсын) коммуникациясына түбірлі өзгерістер енгізіп, оның өмір сүру және дүниетаным амалдарын қайта қалыптастырды.

Отандық ғалымдар Б. Бөрібаев, Е. Балапанов ақпараттық мәдениетті дамыту педагогтың ақпараттық құзыреттілігіне қойылатын негізгі талаптары деп атап, олардың жіктелу үлгісін ұсынады:

- Қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістік туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру;

- Ақпараттық сауаттылық: оқу-әдістемелік, озық тәжірибелерді зерттеу, ғылыми-зерттеу нәтижелерін түрлендіру және технологияларды қолдану әдістерін меңгерту, қолданбалы бағдарламалық құралдарды меңгерту, жаңа бағдарламалық құралдарды меңгерту;

- Өз қызметтерін жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану: жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктері туралы білім, коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы, білім беру үдерісінің ерекшеліктерін

ескере отырып, педагогикалық бағдарламалық құралдарды қолдану және оларды өз қызметтеріне сәйкес бейімдеп тиімді қолдану.

Жаңа ақпараттық технологияны оқу үрдісінде енгізу білім беруді әлемдік деңгейге жақындатуға мүмкіндік береді. Оқушылардың дербестігі, танымдық белсенділігі артады. Бұл ретте мұғалім мен оқушының жаңаша тұрғыдағы қарым-қатынасының сипатын былайша сипаттауға болады:

- Оқушылардың дербестігі артады, олар өз жұмыстарының мазмұнын компьютерлік техника арқылы өздігінен түзетуге мүмкіндік алады;

- Оқушылардың теориялық білімі мен практикалық дағды-біліктері нақты анықталады;

- Оқушылардың өздігінен іздену, ақпарат көздерін іріктеу, қажетті материалдарын тауып, тиімді қолдану дағдылары қалыптасады;

- Оқушылардың өзіне, өз қабілетіне деген сенімі артады, даралық жеке басын бағалау сапасы қалыптасады;

- Оқушы өзін-өзі басқаратын, тексеретін, өзін-өзі бағалайтын деңгейге көтеріледі. [14].

Осы орайда, болашақ мұғалімдердің медиамәдениетін қалыптастыру жұмысы өзекті әрі үздіксіз жүріп отыруы шарт. Себебі мұғалімдердің медиамәдениетін қалыптастырудағы технологиялар аса маңыздылық ететіні бәрімізге мәлім.

Болашақ мұғалімдердің медиамәдениетін қалыптастыру үшін тиімді технологияларды меңгеруі және пайдалану аясы кеңейуі керек.

Атап айтқанда, мұғалімдер:

- Оқыту мен тәрбиелеудегі медиабағдарламаларды танып, таңдай білу мәдениеті / тіркелу, авторлық бағдарламаларды құрастыру, бағдарламаларды қолдану барысында тәртіп-ережесін сақтау т.б./

- *Мультимедиялық технологияларды игеру;*

- *«mass culture», «mass media» бұқаралық коммуникация құралдарын мағынасын білдіруде: баспа басылымдары, теледидар, радио хабарламалар, интернетуль т.б. оның маңыздылығын және қоғам мәдени құндылығын түсіну және оқушыларға жеткізу*

- Медиаресурс әдістемелік қорын кеңейту.

Бүгінгі күні кез келген мектептің жалпы білім беру жүйесі, жеке пәндер бойынша білім беру сипаты тікелей IT-секторымен байланыстылығын атаймыз:

- Мектеп құжаттарының цифрлық платформалары /күнделік kz., білім-lend. opiq.kz, klass.kz, Daryn.online т.б./;

- Online –қашықтықтан оқу үдерісі;

- Мектеп оқытушыларының жеке медиа-сервис орталықтарына тіркелуі және жұмыс жасау үрдісі;

- Мектеп мұғалімдерінің пән бойынша жеке электрондық порталдарда ІТ-кабинеттерінің болуы т.б.

Осы сынды жұмыстармен тікелей жұмыс жасау үшін мұғалімдер ақпараттық мәдениеттерін жетілдіруде бірқатар қабілеттерді меңгереді (2-кесте).

2-кесте – Медиаақпараттық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған қабілеттер

№	Медиа-ақпараттық мәдениетті қалыптастыру технологияларына мынадай қабілеттер жатады:
1	Ақпаратқа деген қажеттілікті анықтау, интернет желісінен барлау
2	Ақпарат көздерін анықтау, ішкі-сыртқы тәртіпті ұстану әдебі
3	Ақпаратты табу және жүктеп алу тәртібі, мәдениеті
4	Ақпаратты талдау, сараптау және сапасына баға беру
5	Ақпаратты реттеу, бірыңғайлау, сақтау, топтастыру, форматтау
6	Ақпаратты әдепті, тиімді және кәсіби пайдалану
7	Ақпаратты немесе медиабағдарламаларды қолданудың шарттарын білу
8	Авторлық бейнежазбалардың жүктелу тәртібін және тіркелу жолдарын меңгеру

Сонымен қатар мұғалімдер сабақ барысында көбінесе интернет желісіндегі сақталған бейнематериалдар, топтастырылған тапсырмалар, электрондық GOOGLE-диск және формамен тестілері сияқты материалдармен көптеп жұмыс жасайды. **Мысалы, медиамәтіндерді жазу, видеотүсірілімдер өткізу, компьютерлік техникалар арқылы видеомонтаж жасау, суретке түсіру, суреттерді сканерлеу, импортталған суреттерді компьютерде өңдеу, презентация дайындау, материалдарды интернетке жүктеу, анимация эффектілерін пайдалану және т.б.** [15].

Нәтижелер және талқылау

Болашақ мектеп мұғалімдерінің медиамәдениетін қалыптастырудың технологияларын қарастырып, тәжірибелік-сынақ барысында тиімділігін анықтау үшін эксперимент жұмысы жоспарланды.

Тәжірибелік жұмыс бағдарламасының кезеңдері: респонденттер таңдау, анықтау кезеңі, қалыптастыру кезеңі (3-кесте) және қорытындылау кезеңі. Тәжірибелік жұмыс бағдарламасына сай респонденттер қатарына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, педагогика және психология мамандығының 3-курс студенттері таңдалды.

3-кесте – Болашақ мұғалімдердің медиамәдениетін қалыптастыру жұмысының бағдарламасы

№	Іс-шара	Әдістеме	Күні, уақыты
1	Медиамәдениет-көпсалалы құбылыс. (Анықтаушы кезең)	«Медиамәдениет қоғамдық қажеттілік және оның медиамәдени құраушылары» / Медиа білім берудің жүйесі схемасы бойынша құрастырстырылды /Б.С. Гершунский/	(Гугл-диск арқылы) 03.10.2022-08.10.2022 аралығы
2	«Педагогикалық үрдісте жалпы медиабілім беруге, сонымен қатар оқушылардың медиабілім беруін жүзеге асыру бойынша шеберлік деңгейін анықтайтын жүйеленген медиабілім, біліктілік, құндылық қарым-қатынас жиынтығы» (Анықтаушы кезең)	Педагогтердің медиабілімділігін анықтайтын сауалнама /Н.В. Змановская /	(Гугл-диск арқылы) 03.10.2022-08.10.2022 аралығы

№	Іс-шара	Әдістеме	Күні, уақыты
3	«Болашақ мұғалімнің медиа-ресурстық картасы» тақырыбындағы онлайн-инструктаж сабағы; /Қалыптастырушы кезең/	Білім платформаларындағы медиабағдарламалармен жұмыс жасау тәртібін үйрету, медиамәдениетті қалыптастыру. -Daryn.online платформасымен жұмыс; -Мектеп мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі (мультимедиялық каталогтар) -Әлеуметтік желілермен жұмыс жасау тәртібі; -(Bilimland, Balapan opiq.kz, klass.kz, Skillshare, Lynda.com, EdX, LSAT, Learnworlds, Udacity нанодәрежесі, Codecademy бағдарламаларына инструктаж, практикалық жұмыс /	10.10.2022-22.10.2022 аралығы
5	Қорытынды Тәжірибе қорытынды негізінде ұсыныстар, әдістемелік нұсқаулар әзірлеу	Брифинг-конференция	24.10.2022-29.10.2022 аралығы

Тәжірибелік жұмыстың анықтаушы кезеңінде сауалнамалар жүргізілді (4-5-кесте). Сауалнама мазмұнына енген жалпы 15 сұрақтың қорытындысы бойынша студенттердің дені

болашақ мұғалімдердің медиамәдениеті жөнінен ақпараттың аздығын, құрамды бөліктері мен оны жүзеге асыру технологияларын меңгеру деңгейі төмен екенін көрсетті.

4-кесте – 1-сауалнама. «Медиамәдениет – қоғамдық қажеттілік және оның медиамәдени құраушылары»

№	Сауалнама	Жауап
1	Медиамәдениет ұғымының мән-мағынасы	
2	Медиасауаттылықтың компоненттері	
3	Медиабілімділік дегеніміз	
4	Медиақұзіреттіліктің негізгі бағыттары	
5	Медиамәдениет құрамды бөліктері	
6	Медиаменталитет түсінігі	
7	Мемлекеттік ақпараттық ресурстар	
8	Медиамәдениет құралдары	
9	Әлеуметтік желідегі ашық тіркеудегі оқыту мен тәрбиелеу құралдары және бағдарламалары	
10	Медиамәдениеттің интеграциялық жүйесі	

5-кесте – 2-сауалнама. Мұғалімдердің медиакеңістігін анықтайтын сауалнама /Н.В. Змановская/


№	Сауалнама	Жауап
1	Мұғалімдердің кәсіби қызметтегі медиақұралдарын атаңыз	
2	Мұғалімдердің пән бойынша актив-тест, гугл-тест құрастыру ережесі мен технологиясы	
3	Пән бойынша YouTube -тегі шеберлік-сыныптарға тіркелу және материалдарды жүктеу жүйесі	
4	Мұғалімдердің жиі қолданысқа ие медиапорталдарын атаңыз	
5	Мұғалімдердің медиамәдениетінің нормативті ережелері	

Сауалнама нәтижесінің көрсеткіштері:

Анықтаушы кезеңнің нәтижесі бойынша студенттер медиаәдениет ұғымы, құрамды бөліктері, негізгі қағидалары, медиасервис бағдарламалары туралы білім деңгейін анықтауға арналған сауалнамалар қорытындысы (2-сурет).

БД 1- жоғары-22%, БД 2-орташа 26%, БД 3-төмен 52%

Алынған нәтижені оңалту мақсатында қалыптастырушы кезең жүргізілді.



2-сурет – Сауалнама қорытындысы

Зерттеу жұмысының 2-кезеңі.

«Болашақ мұғалімнің медиа-ресурстық картасы» тақырыбындағы іс-шаралар екі аптада 8 сағаттық онлайн-инструктаж сабағы ретінде өтілді. Іс-шара мақсаты: Болашақ мұғалімдерді медиаәдениет ұғымының мағынасымен, әлеуметтік желідегі медиа-ресурстардың түрлерімен таныстыру және әдістемелік картасын практикалық жүзінде көрсету

Сабақ барысында болашақ мұғалімдерге арналған білім порталдары таныстырылып, олармен жұмыс жасау ережесі түсіндірілді. Сабақтың тиімді тұстары әдістемелік материалдармен толықтырылуында болды

Медиасауатты адам болу үшін ақпаратпен және ақпараттық технологиялармен дұрыс жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру жұмысы іске асырылды:

- Кітапхана қорымен жұмыс (эл.кітаптар жүктеу, виртуалды экскурсқа тіркелу, медиабейне каталогын жүктеу);
- Пәндік бірлестіктер сайтымен жұмыс
- Білім саласындағы түрлі олимпиадаларға, конкурстарға, телеконференцияларға, ғылыми бірлестіктерге тіркелу (egov порталы арқылы);
- Жеке сайт ашу;
- Мультимедиялық бағдарламалармен жұмыс;
- Әлеуметтік желілермен жұмыс жасау тәртібі;

-Bilimland, Balapan opiq.kz, klass.kz, Skillshare, Lynda.com, EdX, LSAT, Learnworlds, Udacity нанодәрежесі, Codecademy бағдарламаларына инструктаж, практикалық жұмыс

Өтілген сабақтардың нәтижесінде студенттер медиаақпаратты іріктеу, таңдау, түсіну, бағалау, сақтау, жазу, қолдану сынды қабілеттер мен икемділікті қалыптасытырып, технологияларын меңгеруге мүмкіндік алды.

Ақпараттық сауаттылықтың арнаулы механизмі анықталды:

- Ақпаратқа деген қажеттілікті анықтау;
- Ақпарат көздерін анықтау;
- Ақпаратты табу және алу;
- Ақпаратты талдау, сараптау және сапасына баға беру;
- Ақпаратты реттеу, бірыңғайлау, сақтау, топтастыру;
- Ақпаратты әдепті, тиімді және кәсіби пайдалану;
- Жаңа идеяларды табу және тарату.

Сонымен қатар сабақтар барысында болашақ мұғалімдердің ақпараттық күзіреттілігін қалыптастыру міндеттері түзілді:

- медиаәтіндерді (медиа ақпарат) жекешелендіруге және түсіндіруге, әртүрлі тәсілдермен тәжірбие жасауға, медиа өнімдер дайындауға үйрету;
- медиа хабарламалардың ақпараттық мазмұнын талдау, түсіну, қабылдау, бағалау қабілетін дамыту;
- тұлғалардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту (вебалды, вербалды емес);
- сыни ойлау және ақпараттың сапасын бағалау қабілетін дамыту;
- медиақұралдар, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың көмегімен шығармашылық тұрғыда өз көзқарасын білдіру қабілетін шыңдау;
- медиатехнология саласында күзіретті және оқыту үрдісін дидактикалық жобалау қабілетін қалыптастыру
- техникалық құралдар мен бағдарламалық қамсыздандыру саласында ұйымдастырушылық инфрақұрылымды кеңейту;

Қазіргі қоғамда әлеуметтік медианың алатын орны ескеріп, білім берудегі үдеріске кіріктірудің жолы қарастырылды. Әлеуметтік медиакөністік қатарына: интернет-қауымдастықтар, әлеуметтік желілер, жобалар, геоәлеуметтік сервистер т.б. Студенттерге практикалық жұмыс ретінде Instagram арқылы сабақ тапсырмасына байланысты интервью жүктеп, дискуссиялық алаң

орнату технологиясы көрсетілді. Сонымен қатар заманауи трендтегі білім Skillshare, Lynda.com, EdX, LSAT, Learnworlds, Udacity, YouTube бағдарламаларымен жұмыс жасау технологиясы таныстырылды.

Тәжірибеде қолданған әдістемелік қордың тиімділігін тексеру мақсатында қорытынды сауалнама жүргізілді. Респонденттермен дискуссиялық алаң ұйымдастырылып, тәжірибе мүмкіндігімен бөлісу жұмысы жүргізілді.

Сауалнама мазмұнына енген сұрақтар:

1. Медиамәдениет ұғымын талдаңыз және оның құрамды бөліктерін атаңыз
2. Әлеуметтік медианың түрлері
3. Болашақ мұғалімдердің медиақұралдарды пайдалану ережесі
4. Білім платформаларындағы медиабағдарламаларды атаңыз

5. Интернет-қауымдастықтарына тіркелу тәртібі

6. YouTube арқылы бейнесабақтарға кіру тәртібі, форматтау және тасымалдау ережесі


7. Skillshare, Lynda.com, EdX, LSAT, Learnworlds, Udacity жүйесін демонстрациялаңыз

8. WEB сайттармен жұмыс жасау мәдениеті

9. Медиатека, Фильмотека, фонотека-механикалық, сөйлеу, магнитофондық және электрондық-оптикалық дыбыс жазбаларын жасау әдістемесі

10. Авторлық бейнетаспалар әзірлеу және оны әлеуметтік желіде сақтаудың QR-кодтық жүйесін орнату алгоритмі

Қорытынды сауалнама нәтижесі – БД 1-жоғары-62%, БД 2-орташа 20%, БД 3-төмен 18% (3-сурет).



3-сурет – Қорытынды сауалнама

Қорытынды сауалнама нәтижесі бойынша студенттер «медиа», «медиабілім», «медиа-мәдениет», «медиа сауаттылық», «сананы билеу», «медиақұзыреттілік» турасында теориялық және практикалық білімдер жиынтығын көрсете алды. Сонымен қатар, қалыптастырушы кезеңде өткізілген жұмыстардың тиімді болғанын байқатады және студенттердің медиабағдарламалармен жұмыс жасау икемділігінің ілгері қарай дамығанын көреміз. Бақылау топтарына жүргізген сауалнаманың қорытындыларына назар аударсақ, білім деңгейінің алдыңғы нәтижеге қарағанда 40%-ға артқанын, орта көрсеткіш -6%-ға, ал төменгі 34%-ға түскені байқалады. Қорытындылау кезеңінің тәжірибелік қорытындысы бойынша өсу динамикасын көрсетті.

Қорытынды

Зерттеу мәселесі бойынша қойылған міндеттер өз шешімін тапты, тәжірибелік амалдары қамтылды. Сонымен қатар, болашақ мектеп мұғалімдерінің медиамәдениетін қалыптастыру жұмысын әрі қарай дамытуға бағытталған бірқатар ұсыныстар берілді, атап айтқанда:

- болашақ мұғалімдер кәсіби медиамәдениетті ізгілендіру мақсатында ІТ-кабинетін құру;
- авторлық бейнетаспалар әзірлеу және оны әлеуметтік желіде сақтаудың QR-кодтық жүйесін орнату технологиясын меңгеру;
- болашақ мұғалімдердің медиа-сервис орталықтарына тіркелуі ережесін, медиамәдениетін жетілдіру және технологиясын игеруге арналған нұсқаулық әзірлеу.

Әдебиеттер

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.
2. Жеңіс М. Қазіргі медиабілімнің даму жолдары // «Медиабілім беру және киберәлеуметтену» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 215-218 б.
3. Қараев Ж. Қ. «Компьютерді оқыту процесіне пайдалануға кіріспе». – 2004.
4. Балықбаев Т. О. Теоретико-методологические основы информационной модели формирования студенческого контингента вузов : дисс. доктора. пед. наук :13.00.08. – Алматы, 2003. – 298 с.
5. Джусубалиева Д.М. Теоретические основы формирования информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения: дисс. доктора. пед. наук :13.00.08. – Алматы, 1997. – 284 с.
6. Таженова Г.С. Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2022. – 148 б.
7. Федоров А.В. Словарь терминов по медиаобразованию, медиапедагогике, медиаграмотности, медиакомпетентности. Таганрог: Изд-во Таганрог. гос. пед. ин-та, 2010. – 64 с.
8. Масанов Е.Ж. Медиаәдениеттегі адам мәселесі: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2012 – 145 б.
9. Маклюэн Г.М. Понимание медиа. Внешние расширения человека. // Пер. с англ. В. Николаева. – М.: Жуковский: «КАНОН-пресс-Ц». «Кучково поле», 2003. – 464 с.
10. Халықаралық ғылыми практикалық семинар материалдар жинағы «Использование медиаресурсов в практике работы современного педагога» (Киров, 22 қазан, 2020 жыл)
11. Шариков А.В. Отечественная социология и медиа: ретроспективный взгляд (1765-2000) Текст научной статьи по специальности «СМИ (медиа) и массовые коммуникации». – 2016. – № 4. – 99-115 б.

References

- «Sifrlıq Qazaqstan» memlekettik baǵdarlamasın bekitu turaly QR Үkimetiniń 2017 jylǵy 12 jeltosındaǵy № 827 qaulysy. [Resolution No. 827 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 12, 2017 on approval of the «Digital Kazakhstan» state program.] (In Kazakh)
- Balyqbaev T. O. (2003). Teoretiko-metodologicheskie osnovy informasionnoi modeli formirovania studencheskogo kontingenta vuzov [Theoretical and methodological foundations of the informational model of the formation of the student body of universities]. [Doctoral dissertation]. Almaty. (In Russian)
- Fedorov A.V. (2010). Slovār terminov po mediaobrazovanıu, mediapedagogike, mediagramotnosti, mediakompetentnosti [Dictionary of terms for media education, media pedagogy, media literacy, media competence]. (In Russian)
- Halyqaralyq ǵylymi praktikalıq seminar materialdar jınaǵy «İspolzovanie mediareсурсов v praktike raboty sovremennogo pedagoga» (Kirov, 22 qazan, 2020 jyl) [Collection of materials of the international scientific practical seminar «Use of media resources in the practice of the modern teacher» (Kirov, October 22, 2020)] (In Russian)
- Jeńis M.(2014). Qazırgı mediabilimniń damu joldary [Ways of development of modern media education] . Kazakh University. – 215-218 pp. (In Kazakh)
- Jusubaliev D.M. (1997). Teoreticheskie osnovy formirovania informasionnoi kúltury studentov v usloviah distansionnogo obuchenia [Theoretical foundations for the formation of information culture of students in the context of distance learning]. [Doctoral dissertation]. Almaty. (In Russian)
- Maklúen G.M.(2003). Ponimanie media. Vneşnie rasshirenia cheloveka. [Understanding media. Human extension.] (In Russian)
- Masanov E.J.(2012). Mediamädeniettegi adam мәselesi [The human issues in mediaculture] (In Kazakh)
- Qaraev J. Q. (2004). Kömpüterdi oqytu prosesine paidalanuǵa kirispe [Introduction to the use of computers in the teaching process] (In Kazakh)
- Sharikov A.V.(2016). Otechestvennaia sosiologia i media: retrospektivnyi vzgläd (1765-2000) Teks nauchnoi stati po spesiálnosti «SMİ (media) i masovye komunikasii». [Domestic sociology and media: a retrospective look (1765-2000) Research paper on the specialty «Media (media) and mass communications»] ,no 4,pp. 99-115 (In Russian)
- Tajenova G.S. (2022). Studentterdiń mediaqúzyrettiligin qalyptastyruyń psihologialyq-pedagogikalıq şarttary [Psychological and pedagogical conditions of formation of students’ media competence] [Doctoral dissertation]. Almaty. (In Kazakh)